



ИУДАИЗМ, ХРИСТИАНДЫҚ ЖӘНЕ ИСЛАМДАҒЫ 4000 ЖЫЛДЫҚ ІЗДЕНІС: ҚҰДАЙТАНУ БАЯНЫ

Христиандықтың батыс және шығыс
тармағы: догма мен керигма



Дәрістің мақсаты: шығыс православ және батыс католик шіркеулерінің құдайтанулық мәселелерді шешудегі айырмашылықтарын білу.

Христиан тармақтары. Христиандықтың бөлінуінде әрине шіркеулердің доктриналары, діни қызметшілердің мәртебесі туралы тартыс та әсер етті. Дау тудырған басты мәселелердің бірі латын тіліндегі «Ұлдан да» деп сөзбе-сөз аударылатын ұғым еді. Никей соборында өзгертіліп, толықтырылған Христиандық сенім символында «Ұл-Құдай, Құдай-Әкеден туған, ал Киелі рух одан шығады» деген сөйлем бар. Католик шіркеуі «Киелі рух Құдай-Әкеден де, Құдай Ұлдан да шығады» деген сенімді қабылдайды. Міне, осы «Ұлдан да» тіркесі қызу теологиялық пікірталас тақырыбына айналып, шіркеудің бөлінуіне, саяси одақтардың пайда болуына, Христиандықтың ажырауына, әскери соғыстарға, екі ағымның өшпенділігіне алып келді.

Керигма және догма. Керигма Киелі Мәтінге негізделген ашық шіркеулік ілім болса, догма деп символдар және тек діни мінәжаттарда берілетін інжілдік ақиқаттардың терең мазмұны айтылады. Інжіл мәтінен бөлек апостолдар дәуірінен келіп жеткен қастерлі эзотерикалық дәстүр де бар. Бұл «азшылық үшін құпия ілім» саналды. Құпия ілімнің мәнін біздің қасиетті әкелеріміз қорқыныш пен қызығушылықтан үнсіз қорғап келді. Қатысы болмағандарға мұны көруге тыйым салынады, ал оның мазмұны хатқа жазылмайды.

К. Армстронгтың ойынша, «Құпия ілімнің» пайда болуы көпшілікті ақиқаттан алыстатудан туындады деп айту қиын. Бұл жерде Ұлы Василий тек ақиқатты сөзбен, нақты тілмен бере алмаймыз дегісі келген болатын. Барлық діндер әдетте концепциялар мен категорияларға сыймайтын тілмен жеткізіле бермейтін ақиқатты мақсат етеді. Оған келгенде адам тілі шектеулі де көмескі тартады. Ондай ақиқаттарды көкірек көзімен «көруге» қабілетсіз тәжірибесі аз адамдар кез келген құбылысты дұрыс түсіндіре алмауы мүмкін. Осылайша Киелі Кітаптарда сөздік мәннен бөлек ішкі сыры да болады. Оны сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес...

Батыс христиандары. Грек терминдерінің мазмұнын түсінбегендіктен, Батыста көпшілік Үштік доктринасына наразылық білдірді. Оны басқа тілдерге толықтай аудару мүмкін еместігін де есептен шығаруға болмайды. Әр халықтың Құдай туралы түсініктерін өз беттерінше қалыптастыруына тура келді. Өйткені Үштіктің грекше анықтамасы Батыс халықтары үшін түсініксіз еді. Сондықтан олар өз нұсқаларын жасауға мәжбүр болды. Католик шіркеуіне арнап, Үштік анықтамасын теолог Әулие Августин жасап берді... Грек христиандары Августинге үлкен құрметпен қарады және оны Шіркеудің ұлы әкелерінің бірі деп таныды, бірақ оның тринитаризміне күмәнмен қарады. Олардың ойынша, бұл доктрина Құдайды шектен тыс рационалдандырды және адамиландырады. Августин тәсілі гректердегідей метафизикалық емес, психологиялық және терең тұлғалыққа негізделді.

Августин теологиясы. Грек теологтары әдетте ғалымдардың еңбектеріне өздерінің бастан кешіргендерін енгізбейтін. Бірақ Августин теологиясы нақ өзінің терең жеке діни тәжірибелерімен айқындалатын.

Ақыл мүмкіндіктерімен қызыға айналысу Августинді өзінің Ү ғ. жазған «Үштік туралы» трактатында суреттеп берген психологиялық тринитаризмді қалыптастыруға алып келеді. Құдай адамды өз бейнесінде және өзіне ұқсата жаратқандықтан, әрбір адамның ақылында үштікті айыра білу қабілеті табиғатынан жасырын берілген. Алайда танымайтын ақиқатты қалай сүйесің?

Августин біздің ақылымызда тәңірлікті бейнелейтін өзіне тән үштік бар дегенді дәлелдейді. Басқаша айтқанда платондық идеялар сияқты негізінде біз жаратылған бастапқы үлгі – Архетип үнемі бізді өзіне еліктіреді де тұрады.

Бақылау сұрақтары

1. Христиандықтың шығыс және батыс тармақтары қалай аталады?
2. Иконостас қандай қызмет атқарады?
3. Керигма деген не? Оның догмадан айырмашылығы неде?



4. Эзотеризм деген не? Православ және католик шіркеуі оған қалай қарады?
5. Батыс христиандыққа күшті ықпал еткен кім? Бұл құдайтанушы қай жерде туылып, қай жерде қайтыс болды?

Қосымша ресурстар

1. Библия (кез келген басылымы).
2. Мирча Элиаде. История веры и религиозных идей. От Гаутамы Будды до триумфа христианства. М., 2009.
3. Мирча Элиаде. История веры и религиозных идей. От Магомета до Реформации. М., 2009.